

"Интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге өтінім жасау, беру, қарау, тіркеу және куәлік беру жөніндегі ережені бекіту туралы" N 2043 тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2002 жылғы 9 қарашадағы N 192 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 60-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 4 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3125. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі N 136 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.04.23 N 136 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер тізілімінде N 2043 тіркелген, "Интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге өтінім жасау, беру, қарау, тіркеу және куәлік беру жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2002 жылғы 9 қарашадағы N 192 бұйрығына (Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген Интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге өтінім жасау, беру, қарау, тіркеу және куәлік беру жөніндегі ережеде:

2-тармақтың 1) тармақшасында "уәкілетті органның мерзімді ресми басылымы" деген сөздер "интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау мәселелері жөніндегі ресми басылым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 4) тармақшасында "азаматтар" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

37-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"уәкілетті орган топологияның құқық иесі болып табылмайтын авторына оның авторлығын растайтын куәлік береді."

2. Өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету

жөніндегі басқарма осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының орынбасары А.Х.Әмірғалиевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға міндетін атқарушы